

TURKISTAN

Дулати – қазақ хандығын тұңғыш зерттеген ғалым

Кезінде Әлкей Марғұланның Мұхаммед Хайдар Дулатиды «Қазақтың тұңғыш тарихшысы» деп бағалап, арнайы мақала жазуы бекер болмаса керек. Сондықтан Мұхаммед Хайдар Дулатидың Қазақ хандығының алғашқы кезеңдерін қалай зерттеп, материалдарды қалай қолданғанына назар аударуымыз қажет.



Осыдан тура он жыл бұрын, 2015 жылы елімізде Қазақ хандығының құрылуының 550 жылдығы бір жыл бойы атап өтілді. Арнайы Үкімет қаулысы шығып, ауқымды бағдарлама жасалды, іс-шараға жауапты тұлғалар тізімі бекітілді. Осы жолдардың авторы да осы мемлекеттік іс-шараға жауапты адамдар тізіміне енгізіліп, өте жауапты да, маңызды шараның толығымен жүзеге асуына атсалысты. Міне, содан бері он жыл уақыт сынаптай сырғып өте шықты. Қазақ хандығының құрылғанына биыл 560 жыл толады. Сондықтан осы атаулы тарихи датаға байланысты хандықтың құрылуын алғаш рет өз еңбегіше баяндаған Мұхаммед Хайдар мырза Дулатиға және оның «Тарих-и Рашиди» еңбегіне тоқталып, автордың Қазақ хандығының тарихын зерттеудегі деректерінің маңызына тағы бір назар аудару қажет деп түйдім.

Қазақ хандығын алғаш зерттеген ғалым

Ортағасырлық Қазақстан тарихында XV ғасырдың ортасы мен XVIII ғасырдың алғашқы 30 жылдығы аралығы – кейінгі ортағасырлық кезең немесе Қазақ хандығы дәуірі деп аталатыны белгілі. Бұл дәуірдің қазақ тарихында алатын орны ерекше және маңызы зор. Бірнеше мың жылға созылған этникалық үдерістер мен мемлекеттілік даму барысы XV ғасырдың ортасында бір арнада тоғысып, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында «қазақ» атты

этникалық сипаттағы этнос пен этникалық сипаттағы жаңа мемлекеттік құрылымды – Қазақ хандығын дүниеге әкелді. Қазіргі кезеңдегі мемлекетіміздің ресми атауы мен мемлекетті құрап отырған халқымыздың атауы осы терминмен тікелей байланысты.

Қазақ хандығы дәуірі өз ішінде екі үлкен кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңді тұрақтылық кезең деп, екінші кезеңді бытыраңқылық кезең деп шартты түрде атаймыз. Қазақ хандығының тұрақтылық кезеңіне XV ғасырдың ортасы мен XVIII ғасырдың басы аралығы жатады, яғни Керей ханнан Тәуке хан билік құрған жылдар аралығы жатады. Одан кейінгі бытыраңқылық кезеңге – үш жүздегі хандықтар тарихын жатқызамыз.

Қазақ хандығының тұрақтылық кезеңі өз ішінде саяси дамулардың барысына қарай шартты түрде тағы да кішігірім кезеңдерге бөлінеді. Олар – хандықтың құрылу, күшею, «уақытша әлсіреу», қайта өрлеу, текетірес, жоңғарлармен алғашқы күрестер, белгісіз жылдар және «алтын ғасыр» немесе Тәуке ханның билік құрған жылдар кезеңі. Осы кезеңдердегі саяси тарихтың мәселелерін зерттеуде бірінші орынды жазба дерек мәліметтері алатыны белгілі. Кейбір жазба дерек мәліметтері нақты бір тарихи мәселені шешуде жанама немесе қосымша рөл атқарса, ал кейбіреулері басты немесе негізгі рөл атқарады.

Осы тұрғыдан алғанда Қазақ хандығы тарихындағы алғашқы үш кезеңді зерттеуде, яғни хандықтың құрылу, күшею және «уақытша әлсіреу» кезеңдерін қарастыруда негізгі жазба дерек мәліметтерін ортағасырлық тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінен табамыз. Ал басқа жазба дерек мәліметтерін «Тарих-и Рашидидің» мәліметтерімен толықтыра отыра, Қазақ хандығының жоғарыда айтып өткен кезеңдерін терең зерттеуге мүмкіндіктер аламыз.

Шығарма авторы Қазақ хандығы тарихының алғашқы кезеңдері туралы қандай мағлұматтар қалдырған деп сұрақ қойсақ, оған былай жауап беруге болады: Егер де ортағасырлық шығармалардың көпшілігі баяндау сипатында болып, авторлар өз көргендері мен естігендерін қағазға түсірсе, Мұхаммед Хайдар Дулати өз шығармасын жазуға үлкен дайындықпен келіп, жиналған материалдарын белгілі бір принциптер бойынша оқырманға ұсынады. Қазақ хандығы тарихын жазу барысында автордың бірнеше ғылыми принциптерді басшылыққа алғанын байқаймыз. Қазіргі кезеңдегі зерттеушілердің жиі қолданатын принцип-

тері – шығармашылық, жоспарлылық, сабақтастық, үздіксіздік, жүйелілік, хронологиялық принциптер Мұхаммед Хайдар Дулати шығармасында көп кездеседі. Мұндай принциптер зерттеушілерге ғана тән. Олай болса, Мұхаммед Хайдар Дулати – Қазақ хандығының алғашқы кезеңдеріндегі тарихын тек баяндап қоюшы емес, сонымен бірге оны жүйелеп, материалдарды екшеп, таразылап, өз заманының талаптарына сай зерттеуші болып саналады. Сол себепті де «Тарих-и Рашиди» еңбегінен біз Қазақ хандығының алғашқы кезеңдердегі тарихына қатысты мол материалдарды таба аламыз.

Кезінде Әлкей Марғұланнның Мұхаммед Хайдар Дулатиды «Қазақтың тұңғыш тарихшысы» деп бағалап, арнайы мақала жазуы бекер болмаса керек. Сондықтан Мұхаммед Хайдар Дулатидың Қазақ хандығының алғашқы

кезеңдерін қалай зерттеп, материалдарды қалай қолданғанына назар аударуымыз қажет.

Бабырдың жиені: ғалым, қолбасшы, Кашмир ханы

Мұхаммед Хайдардың ата-бабалары Шағатай Ұлысының шығыс бөлігінде, ал өзі Моғолстан мемлекетінде жоғарғы мемлекеттік қызмет атқарып, мемлекеттің қоғамдық-саяси тарихында ерекше орын алған тұлғалар болған. Ұлысбегі қызметі автордың ата-бабаларына мұрагерлік жолмен беріліп отырған. Мұхаммед Хайдар 1499/1500 жылы Ташкентте дүниеге келеді. Шешесі жағынан ол моғол хандарына туған жиен, Темірлік Захир ад-дин Бабырға туған бөле болып келеді. Оның жастық шағы XVI ғасыр басындағы Мауереннахрдағы болған аумалы-төкпелі жылдарға сәйкес келіп, 1508 жылы әкесінен айырылады. 3-4 жыл Ауғанстандағы Бабырдың қолында болып, 1513-1533 жылдары шағатайлық Сайд ханмен бірге жүреді. Одан кейін Солтүстік Үнді жеріндегі Бабырдың ұлдарына келеді де, 1540-1551 жылдары Кашмир өлкесін бағындырып, ол жақта жеке-дара 11 жыл билік құрады. 1551 жылы қастандықтың құрбаны болған.

Мұхаммед Хайдар қолбасшы, мемлекет басшысы, философ, дінтанушы ғана емес, сонымен бірге дастан жазған ақын, тарихи шығарма жазған ғалым-тарихшы да. Оның қаламынан «Жахан-наме» атты поэма, «Тарих-и Рашиди» атты тарихи туынды дүниеге келген. Жалпы алғанда, Мұхаммед Хайдар Дулатидың өмірі мен оның «Тарих-и Рашиди» еңбегі тарих ғылымына XIX ғасырдың 50-жылдарынан бері жақсы таныс. Соңғы ширек ғасырға жуық уақыт ішінде тарихшыларымыздың ізденістері арқасында Мұхаммед Хайдар Дулатидың есімі мен оның «Тарих-и Рашиди» еңбегі Отан тарихында өзіне лайықты бағасын алды деуге болады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиі» – автордың көзімен көрген және құлағымен естіген тарихи оқиғаларды баяндап қана қоятын шығарма емес. Шығарманың құрылымы, екі бөлімде де хронологиялық, жүйелілік принциптердің сақталуы еңбектің ғылыми сипатын көрсетеді. Жалпы, шығарманың ғылыми құндылықтарының бірін – онда қолданылған деректік негіздер анықтайды. Жас ғалым, дулатитанушы Манзура Калиекованың дәлелдеп көрсетуінше, Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашидиді» жазу барысында үш түрлі дерек көзіне сүйенген:

Діни деректер, олардың саны – 9;

Тарихи деректер, олар – 12;

Әдеби шығармалардың деректері, олар – 6.

Сонымен қатар Дулати жазба деректерден басқа жергілікті түрік халықтары арасындағы ауыз әдебиетінің, ауызша мәлімет берушілердің материалдарын да өз еңбегінде жақсы пайдаланған. Міне, осы айтылған ойларымыздың бәрі Мұхаммед Хайдар Дулатидың ірі ғалым екенін, оның шығармасында ғылыми сипаттың басым екенін көрсетеді. Біз оны автордың Қазақ хандығы тарихының алғашқы кезеңдерін баяндауынан аңғарамыз.

Қазақ хандығын қалай зерттеді?

«Тарих-и Рашидидің» екі бөлімнен немесе екі кітаптан тұратыны белгілі. 1541/1542 жылы мемуарлық сипаттағы екінші кітап, ал тарихи сипаттағы

бірінші кітап – 1546 жылы 3 наурызда жазылған. Аталған екі кітапта да қазақ тарихына қатысты материалдар жиі кездеседі. Тарихи сипаттағы кітапта біз қарастырып отырған мәселе 39-тарауда өте қысқаша түрде Моғолстан тарихының Есенбұға хан билік құрған жылдарында болған оқиғалардың бірі ретінде баяндалады. Ал мемуарлық сипаттағы кітапта автор Қазақ хандығының тарихына байланысты оқиғаларды 33-інші және 34-інші тарауларды қарастырады.

Қазіргі кездегі Отандық тарихнаманың осы мәселе бойынша қол жеткізген жетістіктері тұрғысынан Дулатидың баяндауларын талдап көрсек, мына жүйені көреміз:

1. «Есенбұға ханға әмірлердің қарсылық көрсеткен күндерінен әңгіме» атты тарауда XV ғасырдың 30-50-жылдарындағы Моғолстанның ішкі саяси өміріндегі жағдайлар туралы, яғни моғолдың ірі тайпалары көсемдерінің ханға қарсы әрекеттері баяндалады. Бұл мәліметтер бізге Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Моғолстанның ішкі және сыртқы саяси жағдайынан хабардар етіп, ол жағдайлардың хандықтың құрылу барысына қаншалықты дәрежеде қолайлы алғышарттар жасағанын көрсетеді.

2. Есенбұға ханның Мауереннахрдағы саяси дағдарысты пайдаланып, ол жаққа жасаған жорықтары туралы, Әбу Сайд мырзаның Есенбұға ханның жорықтарына қарсы ойластырған жоспарлары, темірлік мырзаның моғол әскерлерін Ианги (Тараз) түбінде жеңіліске ұшыратуы туралы мәліметтер. Бұл мәліметтерден біз Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Моғолстан мен Мауереннахрдағы Темір әулеті мемлекеттері арасындағы саяси қатынастардың әбден ушыққанын, жетер шегіне жеткенін көреміз. Өз кезегінде бұл жағдай Қазақ хандығының Жетісу аймағының батыс бөлігінде шаңырақ көтеруіне тікелей себепші болады.

3. XV ғасырдың орта тұсында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өз билігін толықтай орнатқан Әбілқайыр хан және одан бөлінін Моғолстан аумағына қоныс аударған Керей мен Жәнібек хандар туралы, оларды Есенбұға ханның қуана қарсы алып, Моғолстанның батыс жағындағы Шу мен Қозыбасы өңірінен жер беруі туралы, олардың «қазақ» атануы туралы мәліметтер. Қазақ хандығының құрылу тарихында бұл мәліметтер – ең негізгі дерек болып саналады.

4. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465-66) жылдан басталады, «Алла жақсы біледі» деп басталатын мәліметтері – Қазақ хандығының құрылу тарихындағы ең басты, ең негізгі жазба дерек мәліметтерінің біріне жатады. Қазіргі кезде Қазақ хандығының құрылуына қатысты ой-пікір айтып, тұжырымдар білдіріп жүрген тарихшылардың бәрі Мұхаммед Хайдар Дулатидың осы мәліметтерін негізге алады. Дегенмен автордың оқиғаларды баяндауында дәлдік сақталғанымен, олардың уақытын көрсету – кей жағдайларда болжаммен, шамамен беріледі. Мұхаммед Хайдар Дулати ондай болжаммен, шамамен берген даталардың өте дәл емес екенін алдын ала біле отыра, олардан кейін міндетті түрде «Анығы бір Аллаға аян» деген сөз тіркесін қолданып отырады. Бұл сөз тіркесі қазірге дейін қазақ тілінде қолданыста

бар. Ол көбінесе бір нәрселердің санына, уақытына, көлеміне қатысты мөлшермен, болжаммен айтқанда қолданылады. «Тарих-и Рашидидің» мемуарлық сипатындағы кітабында бұл сөз тіркесі жоқ. Өйткені автор онда тек өзі қатысқан, куәгері болған оқиғаларды баяндағандықтан уақытты, сандарды, жылдарды шегелеп нақты айтады. Ал тарихи сипаттағы кітапта «Анығын Алла жақсы біледі» деген сөз тіркесі немесе сөйлем 6 жерде кездесін қалады. Осы жолдардың авторы сол алты жағдайды саралағанда, деректердің жетіспегендігінен Дулати кейбір оқиғалардың уақытын ондыққа дейін мөлшермен айтып, соңына жаңағыдай сөз тіркесін пайдаланып отыратынына көз жеткіздік. Солардың біріне осы жерде тоқтала кетейік. Ол Ұлықбек туралы тарихи кітапта айта келе, «Тарихи жылнамада оның [Ұлықбектің] туған күні белгісіз. Егер де сол кездегі мерзімдерді салыстырар болсақ, ол шамамен 860 (1455-1456) жылдары қайтыс болған. Анығын Алла жақсы біледі», – деп жазады. Қазірде тарихта белгілі болып отырғандай, Ұлықбек 1394 жылы 22 наурызда дүниеге келіп, 1449 жылы 25 қарашада қайтыс болған. Көріп отырғанымыздай Мұхаммед Хайдар Дулатидың дәлсіздігі ондыққа дейін болып отыр және жыл айырмашылығы 6-7 жыл.

Қасым ханның әскері мен халқының санынан дерек келтіреді

«Тарих-и Рашидидің» біз жоғарыда келтіріп отырған мәліметтері Қазақ хандығының құрылу кезеңін көрсетеді. XV-XVI ғасырларда жазылған басқа деректерде мұндай мәліметтер кездеспейтіндіктен, біз Мұхаммед Хайдар Дулатидың деректерін оригиналды және өз шамасынша хандықтың құрылуын жүйелі баяндайтын деректер қатарына жатқызамыз.

Қазақ хандығының құрылу кезеңіне – 1457-1470/1471 жылдар аралығы жатса, 1470/1471-1521 жылдар аралығы хандықтың күшею кезеңі болып саналады. Бұл кезеңнің басты оқиғаларына, олар – XV ғасырдың соңғы 30 жылдығында хандықтың Сыр бойындағы қалалар мен жайылымдар үшін Темір әулетімен жүргізген күрестері, XVI ғасыр басында Мауереннахрда билікке келген Шибан әулетімен болған күрестер және Қасым ханның билікке келіп, қазақ халқының аумағын біріктіру жолындағы жүргізген күрестері жатады. Мұхаммед Хайдар Дулати бұл кезеңнің де оқиғаларын өз еңбегінен тыс қалдырмайды. Алғашқы екі күрес оқиғалары жөнінде ештеңе айтылмайды да, Қасым ханның билікке келген кезінен бастап қазақ мемлекетінің күшеюі мен нығаюын өте тәуір баяндайды. Ол кезеңнің деректері мынадай сипатта болып келеді:

Керей ханнан соң билікке оның ұлы Бұрындықтың отыруы, әкесі Жәнібек хан секілді Қасым ханның Бұрындық ханды тыңдап бағынғандығы туралы мәліметтер.

Қасым ханның Жүніс ханның қыздарының бірі – Сұлтан Нигар ханымға үйленіп, шағатайлық әулетпен туысқандық байланыстар орнатуы туралы мәліметтер.

Қасым хан билігінің күшейіп, Бұрындық ханның Мауереннахрға кетуі туралы мәліметтер.

Қасым хан билігін бағалап, оны XIII ғасыр басындағы Жошы ханның билігімен теңестіруі және Қасым хан әскерінің саны мен қазақ халқының

санын көрсетуі.

Қазақ Ордасына шағатайлық Сұлтан Сайд ханның келуі, Қасым ханның оған көрсеткен қошеметтері және соған байланысты кейбір оқиғалар туралы кең мазмұндағы мәліметтер.

Қасым ханның қайтыс болған жылына байланысты мәлімет.

Көрін отырғанымыздай, Қазақ хандығының Қасым хан тұсындағы күшеюі Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегінде біршама көрініс тапқан.

Кейіннен бұл мәліметтер басқа жазба деректерге негіз болып алынады.

Қасым хан қайтыс болғаннан кейін Қазақ тарихында «уақытша әлсіреу» деген шартты атауға ие болған кезең басталады. Бұл кезеңнің хронологиясына зерттеушілер XVI ғасырдың 20-30-жылдары аралығына жатқызады. Қасым хан қайтыс болғаннан оның ұлы Хақназар хан билікке келген кезге дейінгі аралық Қазақ хандығы мен қазақ халқы үшін ең алғашқы тарихи сынақ болған кезең деуге болады. Бұл кезеңге қатысты мәліметтер Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінде біршама жақсы баяндалады.

«Мың-мың қазақтан белгі қалған жоқ»

Қасым ханның қайтыс болған жылын айта келе, Мұхаммед Хайдар Дулати одан кейін болған оқиғаларды былайша баяндайды: «Қазақ сұлтандарының арасында тартыс басталды. Қасым ханнан кейін оның ұлы Мамаш хандық таққа отырды. Ол шайқастардың бірінде тұншықпадан өлді. Одан кейін Әдік сұлтанның ұлы Тахир хан таққа отырды. Ол қатыгез адам болатын, қаталдығы өз шегінен шыққан соң елінің саны төрт жүз мың бола тұра одан бірден безіп бытырап кетті. Оның қарабасы қырғыздардың арасында жалғыз қалды, мүшкіл жағдайда қаза тапты.

Отыз мыңға жуық адам тағы да Моғолстанға жиналды. Тахир ханның бауыры Буслаш (Бұйдаш ханды айтып отыр. – Б.К.) хан таққа отырды. Ең ақырында сәтсіз тағдырдың қырсығынан соншама халықтан міне, бүгін төртінші жыл болып барады (Кітап 1541 жылы жазылған. – Б.К.), ешбір жерде із де қалмапты. Отызыншы жылдары (930 (1524 жылы) қазақ саны мың-мың (миллион) болатын. Қырық төртінші жылы (944 (1537) сонша халықтан бұл жерде еш белгі қалмаған».

«Тарих-и Рашидидегі» осы келтірілген мәліметтердің шынайылығына ден қойып көрсек, біріншіден, Мұхаммед Хайдар Дулати «отызыншы жылдар» мен «қырық төртінші жылды» нақты атап, қазіргі тарихнамада «уақытша әлсіреу» кезеңі деп аталатын кезеңнің басталуы мен аяқталуын көрсетіп отыр. Қазақ хандығының әлсіреуінің басты себебі – билеуші әулет өкілдері арасында бірлік болмай, тақ үшін күрестердің күшеюі болатын. Дулати мұны нақты атап айтып отыр. Мамаш ханның осындай күрестің құрбаны болғандығын да баяндап береді.

Екіншіден, қазақ халқының тарихи санасында әр кезеңдердегі аса ауыр жылдар белгілі бір атаулармен, сөз тіркестерімен сақталынып калып отырғаны белгілі. Мысалы, XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы ауыр кезең – «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама», XX ғасырдың 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басындағы аштық жылдар «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген сөздермен қалғаны белгілі. Ал XVI ғасырдың 20-30-

жылдарындағы қазақ халқы үшін қайғылы жылдарды Мұхаммед Хайдар Дулати «тағдырдың қырсығынан соншама халықтан ...ешбір жерде із де қалмапты» және «...сонша халықтан бұл жерде еш белгі қалмаған» деп қинала баяндайды.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың мұндай сөз тіркесін жайдан жай қолданбағанын Қадырғали Жалайыр деректері дәлелдейді. Оның мәліметтері бойынша дәл осы жылдары қазақтың хандары мен сұлтандары сыртқы жауларымен соғыстарда көп қаза табады. «Тоғым хан, оның ұлдары «тоғыз сары» деп аталды. Мәлік сұлтанның баласы Башыбек сұлтан тоғыз сарымен бірге Жағат уалаятының жанында шахит болды, [сол ұрыста] әйгілі әрі даңқты отыз жеті сұлтан шәйіт болды...» Және де «Жәдік хан. ...Шағым мырзамен соғысып, Жыланды төбеде бір ұлымен бірге шахит болды». Әдік сұлтанның ұлы Бұйдаш хан осы жылдары Ташкент билеушісі Дервиш ханмен (Сүйініш қожа ханның немересі, Барақ ханның ұлы) болған ұрыстардың бірінде 24 қазақ сұлтанымен бірге қаза табады. Жәнібек ханның тағы бір немересі Ахмет хан (кей деректе Қожахмет хан) ноғай мырзасы Сейдақтан жеңіліс тауып 15 сұлтанмен бірге тұтқынға түседі. Көп ұзамай Ахмет ханды Алшағыр бидің ұлы Орақ батыр өлтіреді. Т.Сұлтановтың пікірі бойынша осы кезеңде 60-тан астам қазақ хандары мен сұлтандары сыртқы жаулармен болған соғыстарда қаза тапқан екен. Ал біздің есебіміз бойынша, Мамаш ханның өлтірілуімен басталған «уақытша әлсіреу» кезеңінде тақ үшін болған күрестер мен жауларға қарсы жүргізілген соғыстарда билеуші әулет өкілдерінен 80-нен астам хандар, сұлтандар әртүрлі жағдайларда қаза табады. Бұл сан жазба дерек мәліметтері арқылы белгілі болғаны, ал белгісіз болғандары қаншама. Ал қаза болған немесе тұтқынға түскен қарапайым халықтың санын ешкім де айта алмас, тек болжаммен қаза тапқан билеуші әулет өкілдерінен бірнеше жүз есе көп болған деуге болады. Міне, осындай ауыр да қиын жылдары Жетісу жеріне моғол хандарының саяси билігі, Сыр бойындағы қалалар мен өңірлерге шибанилық әулеттің билігі, Қазақстанның батыс бөлігінде ноғай мырзаларының үстемдігі қалыптасады. Осылайша, бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік биліктің жойылып, тақ үшін күрестердің өршіп, сыртқы жаулармен болған соғыстарда үнемі жеңіліске ұшырап отырған тұста қазақ халқының жағдайы өте қиын болатын. Дулатидың «...сонша халықтан бұл жерде еш белгі қалмаған» деуі артық айтылса да, оның астарында осындай тарихи ащы шындық жатқан болатын. Осылайша, Мұхаммед Хайдар Дулатидың Қазақ хандығы тарихының алғашқы кезеңдеріне қатысты баяндауларын қарастыра келе, мынадай қорытындыға келуге болады: Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиінде» Қазақ хандығының XV-XVI ғғ. тарихы жай тарихи фактілердің жиынтығы түрінде емес, нақты ғылыми принциптерді сақтай отыра, арнайы түсіндіруге бағытталған түрде беріледі. Сол себепті де біз Мұхаммед Хайдар Дулатиды Қазақ хандығы тарихының алғашқы кезеңдерін алғаш зерттеген ғалым деп санаймыз.

Берекет Кәрібаев